



1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ



## ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Тарихпен безбендегенде ширек ғасыр көп емес. Дейтұрғанмен, жылдамдықпен жарысқан жаһандану үрдісінде бұл – қас қағым сәт. Өткенге көз салсақ, өркениет көшімен қатар жүретін, күш-қуаты мығым мемлекет құру талай жүз жылдарға жүк болғанын көреміз.

Қазақстан бұл жолды ширек ғасырдан астам уақытта жүріп өтті. Күллі дүниедегі беделі биік, халқының береке-бірлігі бекем, тіршілігі тұрақты, мемлекеттік институттары мықты мемлекет құрылды. Тәуелсіз мемлекеттің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елін бір ғасырдың шеңберіне сыя бермейтін тарихи жолдан алып өтті. Қазақстан жер-жаһанға Н.Назарбаев есімімен, Ұлт Көшбасшысының келбетімен мәшһүр болды.

Міне, сондықтан Тұңғыш Президент күні – еліміздің әрбір азаматы ардақ тұтатын, қадірлеп-қастерлейтін мерейлі мерекесі. Бірінші желтоқсан – тарихи таңдау күні!

Аңсағаннан асқақ Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, Қазақ елінің мәртебесі биік, мұраты мұзарт болғай!

### БӘРЕКЕЛДІ!

Үкімет 2 миллион жас маманға жұмыс тауып беруі керек. Бұл туралы еңбек нарығының болашағына арналған халықаралық форумда Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев мәлімдеді.



Оның айтуынша, алдағы 7 жылда шамамен 2 миллион жас маман: университет пен колледж түлектері отандық еңбек нарығына шығады. Олардың бәрін жұмыспен қамту қажет. Осыған байланысты 2025 жылға дейін 1 миллионға жуық жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Дайындық басталып кетті. Қазірдің өзінде базалық салаларда ғана емес, өндірісті автоматтандыру және цифрландыру бағыты бойынша жаңа жұмыс орындары ашылған.

Премьер-Министр «2020 жылға дейін біз шамамен 550 кәсіптік стандарттарды бекітуді көздейміз. Аталған талап экономиканың негізгі салаларын қамтитын болады. Ал жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында 1 миллионнан астам адам жұмыспен қамтылды. Осы саладағы жұмыс жалғаса береді», — деп атап көрсетті.

(Өз тілшіміз)

## ЖАС МАМАНҒА ЖҰМЫС КЕРЕК

Фото: astana-akshamy.kz

### DETECTIVE

## ШАНАҚТАН ШЫҚҚАН ШАТАҚ



Машинаның кеудесін ашты да, шанақ нөмірін тас шарыққа салып, шарықтатып отырып, ойып алды. Сөйтіп де, әлгі жол апатына түскен көліктің шанақ нөмірін салып, жымын білдірмей дәнекерледі.

(Толғырақ 5-бетте оқисыздар)

БАСПАСӨЗ – 2019



# JAS QAZAQ

Жазылу  
индексі  
65032

jasqazaq.kz



Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі  
65032

| Жазылу мерзімі | Қала    | Ауыл    |
|----------------|---------|---------|
| 1 айға         | 279,24  | 297,86  |
| 3 айға         | 837,72  | 893,58  |
| 6 айға         | 1675,44 | 1787,16 |
| 12 айға        | 3350,88 | 3574,32 |



## БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

58,07



DOLLAR

372,73



EURO


420,44



РУБЛЬ

5,53

### ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Мен бастықтың!

Мен бастықтың!

(Жалғасы 2-бетте)





# 168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

## ФОРУМ

**Елбасы Қарттар үйі мен Балалар үйін біріктіру тәжірибесін зерттеу керектігін құлаққағыс жасады. Бұл осы топтағы азаматтардың жалғыздығын ұмытуға септігін тигізеді.**

«Қарияларға қамқорлық керек. Біз қартаймыз деп ешқашан ойламаймыз. Барлықтарыңыз қартайсыздар. Жас болған кезде алда әлі мыңдаған жыл бар деп ойлап қаламыз. Жылдам өте шығады, өзің сенбей қаласын.

Әсіресе бізде — казактарда ата-анасына қамқорлық жасау деген ата-бабамыздан қалған салт. Қазір қарттар үйіне барып, казактың үлкен әжелері мен аталары отырғанда жаным ауырады. «Аксақал, балаларың бар ма?» деп сұрайсың. Олар «қайтесің, қарағым» деп ары қарап жылайды. Сонда қалай болғаны? Біз өзіміздің салтымыздан,

жылы деп жарияланғанын ескеретін болсақ, бұл мәселе өте маңызды», — деді.

Үкіметтік емес ұйымдар саны биыл 22 мыңға жетіп, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемі 65 есе өскен. Мұндай ілгерлеу бұрын-соңды болмағаны анық. «Форум үкіметтік емес салаға тың серпін беріп, азаматтық қоғамның одан әрі дамуына жол ашуға тиіс», — деген Н.Назарбаев бірқатар өзекті мәселелерді ортаға салды. Мәселен, балалар үйлері мен

проблема — жастардың отау құруға дайындығы жоқтығынан екендігін айтты. «Қыздар өз рөлін білмейді, жігіттер мұның зор жауапкершілік екенін аңғармайды. Жұмысың болмаса, білімін жок болса, онда отбасын да асырай алмайсың. Оларға бұл туралы кім айтуы тиіс? Біреу айту керек қой! Мұны мектеп табалдырығынан бастап айту керек», — деді Президент.

Н.Назарбаев әрдайым өз жағдайының жоқтығын айтатын кейбір отандастарымызға: «Біздің кол-



# ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

ұлтымыздан ажырағанымыз ба? Әке-шешемізді арғы жакка апарып тастап қалай ғана отырамыз?» Елбасы осы секілді өмірдің өзінен алынған мысалдарды Астанада өткен VIII Азаматтық форум барысында тілге тиек етті.

Н.Назарбаев Үкіметке Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Мемлекет басшысы: «Жастар саясатын іске асыру ісінде үкіметтік емес сектордың рөлін күшейту қажет. 2019 жыл — Жастар

«Ана үйі» дағдарыс орталықтарына қолдау көрсететін ұйымдардың жұмысына арнайы тоқталды. Президент кәсіпкерлерді осы жұмысқа атсалысатын үкіметтік емес ұйымдарға көмек көрсетуге шақырды.

Жастар мәселесі қашанда өзекті күйінде қалып отыр. Осы тақырып төңірегінде пікір білдірген мемлекет басшысы қоғамдағы жағымсыз жағдайларға да тоқталды. «1,5 миллион неке тіркеліп, оның 25-30 пайызы ажырасқан. Неге ажырасады? Мектептердегі психологияны өзгерту қажет. Мұнда «ұят» дейтін ештенесі жок. Мұның бәрі адамға тән. Сондықтан осыған назар аудару керек», — деген Елбасы некедегі басты

аяғымыз сау болса да екі қолымызды төбемізге қойып «Ой, жағдай қиын болып кетті» дейміз. Қиын дымы да жок. Өмірде бәрі мүмкін. Өзінді жұмыс істеуге көндірі. Мәселе осында. Жастарды осыған үйретуіміз қажет», — деді.

Басқосуда азаматтық бақылау жүргізудің тиімді тетігін құру қажеттігі айтылып, бұл ретте Қазақстан Азаматтық альянсына сенім артылды. Осы орайда үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтерді беру жөніндегі жұмыс жалғасады. Үкіметке Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу тапсырылды.

**Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ**

## АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



Аптаның

## сауалы

— Елімізде қанттың қымбаттауына қандай фактор ықпал етіп отыр?

## жауабы



**Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
ұлттық экономика министрі:

— Қазақстандық қанттың елеулі бөлігі импорттық шикі қанттан өндіріледі. Осыған байланысты қанттың ішкі бағалары қант нарығындағы жалпы әлемдік үрдістердің және бірінші кезекте Ресей Федерациясының нарығындағы жағдайдың әсерінен өсіп келеді. Ағымдағы жылғы 9 айда қырыққабат экспорты ұлғайып, 18,6 мың тоннаны құрды. Осыған байланысты қырыққабаттың бағасы басқа көкөністермен

салыстырғанда айтарлықтай өсті. Маусымдылық пен сақтау шығындарына байланысты баға алдағы уақытта да өсуі мүмкін.



**Ләззат АҚТАЕВА,**  
денсаулық сақтау министрінің орынбасары:

«Жасөспірімдер 16 жастан бастап өз бетінше шешім қабылдайтын болады. Бұл әлемде бар тәжірибе. Қазір аяқасты бала көтеріп қалған қыздар көбейіп барады. Ал осы заң арқылы жүктіліктің ерте кезеңінде тиісті медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Яғни қыз бала өз бетінше шешім қабылдайды да, оған ата-анасы немесе заңды өкілі араласпайды. Дәрігерлер де жасанды түсік жасау үшін үлкендерден рұқсат сұрап жатпайды».



**Әсия МӘМБЕТАЛИНА,**  
психолог:

«Адам өз тағдырын өзі шешетін болса да, бұндай жағдай жасөспірімдердің таным-түсінігіне тым ауыр. Осындай кішкентай қыздарды түсікке апару — тығырықтан шығудың жолы емес. Барлық мектептерге барып, сол қыз балалармен, жігіттермен сөйлесу керек. Жыныстық сауатын ашу қажеттіз».

## Әлеумет.t<sup>0</sup>



Біlmecтік пе, жоқ, әлде салғырттық па? Маңғыстау облысында бүргеге арналған дәріден екі адам көз жұмғанын естігенде, осы сауал ойға оралды. 29 жастағы Шынарай Сүйіндікова мен оның 2 жастағы қызы Фируза көршілерінің салғырттығынан мерт болған. Көпқабатты үйдің тұрғындары бүргедең құтылу үшін «Tarakan.net» деп аталатын компанияның көмегіне жүгінген көрінеді. Дезинфекция қызметін көрсететін компания мамандары келіп, әлгі бес қабатты үйді дәрілеп кетіпті. Олар кетісімен бірнеше адам уланып, ауруханаға түседі. Дәрінің күштілігі соншалық, қазір төрт адам жедел ауруларды емдейтін ауруханада ем қабылдап жатыр. Ең өкініштісі — аналы-балалы Шынарай мен Фирузаның қазасы жақындарына ауыр тиді.

күндіз күлкі, түнде ұйқы бермейді. Сол кансорғыш жәндіктен құтылу үшін бір емес, бірнеше рет дезинфекция қызметін шақырды. Олар асай-мүсейін аркалап келіп, аузы-басын тұмшалап алып, бұрыш-бұрышқа, бөлмелерге исі қолканы қабатын бір сұйық затты шашып-шашып кететін. Олар келген күні үйден тамақ ішудің өзі қиын. Өйткені, дәрінің иісінен жүрегінз айнып, тамағыңыз қырып ауырады. Бірақ сол дезинфекция қызметін көрсететіндер қандай дәрі шашқандарын ешкімге айтып, түсіндіріп жатпайды. Тіпті солардың қызметін тексеріп жатқандарды да көрмейтінбіз. Маңғыстаудағы жағдайдың да бейнесі осыған ұқсайды. Әлгі «Tarakan.net» деп аталатын компания еш жерде тіркелмепті. Жұмысын ешкім тексермейді

## БІЛЕМІН ДЕП БҮЛДІРЕДІ

Айтпақшы, осыдан 2 жыл бұрын дәл сол көпқабатты үйде осыған ұқсас оқиға болған. Кан сорғыш жәндіктердің көзін құртқысы келген тұрғындар өз еріктерімен сірке қышқылы қосылған хлор шашып, екі бала көз жұмған. Сол оқыс жағдай ұмыт болмай жатып, тұрғындар тағы да біlmecтікке бой алдырды...

Бүрге демекші, Алматыда да тозығы жеткен үйлер мен пәтерлерде қандала қаптап, бит-бүрге өріп жүреді. Пәтер жағалап жүрген қайбір жылдары мұндай жағдаймен біз де бетпе-бет келген жайымыз бар. Абай мен Гайдар көшесінің қиылысындағы жатақхана іспетті көпқабатты үйлерде тұратынбыз. Бұл баспаналар осыдан 40-50 жыл бұрын салынғаны анық. Пәтер жалдап тұратындар әлгі үйге көшіп келіп, көшіп кетіп жатушы еді. Ескі жатақхананың көпшілікке арналған асханасында тарахан үйірімен жортып жүретін. Ал бөлме ішінде көзге көрінбейтін бір бәле бар. Біреулер қандала, біреулер үндемес деп жатады. Шаққан жері қанталап,

екен. Бұл іс бойынша қазір қылмыстық іс қозғалған.

Мұның бәрі салғырттықтан туған жағдай екені ешкімге құпия емес. Естеріңізде болса, осыдан бірер ай бұрын Алматы облысының Туғанбай ауылында да осыған ұқсас жағдай болған-ды. Қыздарының басындағы битті өлтіру үшін малға арналған дәрі жакқан Жәмила Қараева 3 жастағы қызынан айырылып қалды. Ал 2 жастағы бүлдіршінді дәрігерлер құтқарып қалған. Ақ халаттыларға берген алғашқы түсініктемесінде, жас ана қызының басына жануарларға арналған дәрі жакқанын айтыпты. Алайда бұл іске полиция араласқаннан кейін, Қараева алғашқы сөзінен айнып алған көрінеді. Ол «Қыздар сиырға арналған дәріні бір-біріне шашып ойнаған көрінеді», — деді. Мейлі, қандай жағдай болса да, мұның бәрі салғырттықтан туған салқын.

**Жарас ШӨКЕ**



## Деп салды...

Мен филология факультетін бітірдім. Құрбыларым балабақшасына беріп жүргенін айтты. «Біз секілді қиналмасын. Қалаға келгенде тілден таршылық көрдік қой» деп мұңын шақты. Мен тіл мамандарының бұл шешіміне қайран қалдым. Ата-ана өз жолын балаңікімен салыстырмаса өкен деп ойлаймын. Бізге тау болып көрінген дүниелер бұларға темпешік болып көрінуі мүмкін.



**Айнұр ТӨЛЕУ,**  
ақын

## МЕКЕМЕ БІРЕУ, БАСТЫҒЫ ЕКЕУ

**Қызықстан Қызықтары**



Павлодар қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімін үш ай бойы екі шенеунік басқарған. Басшы міндетін Асхат Омаров атқарған. Ал Зқрия Сұлтанғазинов бұрынғы басшысы. Екеуі де 22 маусымда өз еркімен жұмыстан босатылған.

Ал 24 тамызда мекемеге техникалық жұмыскер ретінде қабылданған. Дегенмен, бөлім басшысы қызметін атқарған. З.Сұлтанғазинов қала әкімінің қатысуымен өткен жиындарға да қатысқан.

Жұрт шағымынан кейін мұны мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент мамандары анықтады. Бұл туралы БАҚ кз хабарлады. Болған жағдайды әкім-қаралар білмеген. Соған қарамастан, қала әкімінің орынбасары Андрей Балашовқа сөгіс берілді.



**Дәулетхан Қыдырбайұлы:**

Соңғы жылдары білім саласы жиі реформаға ұшырады. Орта білімде де, жоғары білімде де, ғылымда да. Жалпы осы жүріп жатқан процестерге депутаттық көзқараңыз қандай? Қоғам білім, ғылым саласында болып жатқан реформаларға неге наразы?

**Динар Нұкетаева:** Кешегі білім мен бүгінгі білімді салыстыруға болмайды. Біз білім алған кез бен қазіргі білімнің жетістіктері және оған қойылған талапты мүлде салыстыруға болмайды. Өйткені,

Дөп пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – білім саласындағы реформа. Соңғы жылдары білім мен ғылым саласына қыруар қаржы бөлінеді. Соған қарамастан, реформаға жиі ұшырайтын да осы сала. Сенат депутаты Динар Нұкетаева мен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы осы тақырып төңірегінде тілдесті.

бізге жақсы кадр керек. Біз қазіргі кезде Елбасының тапсырмасымен бірге Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін жалпы білім беру мектептерінде енгізіп жатырмыз. Әрине, қыруар қаражат кетті. Бұл — Назарбаев зияткерлік мектебінің жаңа білім беру мазмұнына көшу деген сөз. Әрине, оған педагогтарды қайта даярлау мәселесіне де қомақты қаражат кетті. Енді қазіргі кезде,

білімді сапасымен өлшеуіміз керек деп ойлаймын.

**Динар Нұкетаева:** Қазіргі кезде ол жоғары оқу орындарына айтылып отырған талап. Егер де балабақшалар туралы айтатын болсақ, әрине, онда сапалы тәрбиешілерден бастауымыз керек. Елбасы 55 мың тәрбиешінің біліктілігін арттыру керектігі жөнінде тікелей тапсырма берді.

санына қатысты айтады. Біз құрылысшы емеспіз, біз

# НӘТИЖЕ САПАМЕН ӨЛШЕНСЕ



біз қазіргі әлемдік процестерден, осы білім саласында болып жатқан әлемдік жаңалықтардан ешуақытта қалып қоймауымыз керек.

**Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Мемлекет басшысының білім саласына қатысты өткізген кенесте мынадай дерек айтылды. Соңғы екі жылда білім мен ғылым саласына жалпы 2 триллион теңгеден астам қаражат бөлініпті...

**Динар Нұкетаева:** Кейінгі екі жыл көлемінде білімге 2 триллион қаражат бөлінді. Ал ғылымның өзіне 43,7 миллиард теңге бөлінді. Енді бұл деген ешкімнің түсіне де кірмейтін қаражат.

**Дәулетхан Қыдырбайұлы:** 43,7 миллиард теңге тек ғылым үшін 2018 жылы бөлінді. Биылды айтпай-ақ қояйық. Соңғы 2 жылда бізде ғылым саласында ашылған жаңалық бар ма? Міне, мынандай нәрсеміз дүниеге келді ғой, есесіне деп айтатын нәрсе бар ма?

**Динар Нұкетаева:** Біріншіден, 2 триллион теңге қаражат соңғы екі жылға бөлінгені. Оның ішінде балабақшалар салынды. Яғни еліміз 95 пайыз балабақшамен қамтылып отыр. Елбасы әкімдерге, Үкіметке тағы да тапсырма беріп, 100 пайыз балабақшамен қамтылу керек деген мәселені айтты. Екіншіден, мектептер салынды. «Үш ауысыммен мектептер түгелімен жойылуы керек» деген мәселені Елбасы тағы да шегелеп айтты. Әрине, осының барлығы қызмет жасауы үшін ең алдымен

әрине, басында сыни сөздер жиі айтылып кетті. Мұғалімдер тарапынан да қабылдамау болды. Қазіргі кезде мен өзім мұғалім болғаннан кейін ауыл-аймакқа барған кезде, жұртпен кездесіп, сөйлесіп отырам. Бірақ нәтижесі 1-2 жыл ішінде көрінеді деп айта алмаймын.

**Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Қазіргі кездегі білім саласына жасалып жатқан білім және ғылым саласының жемісін неше жылдан кейін жеуіміз мүмкін?

**Динар Нұкетаева:** Соңғы 5 жылда қызығын көреміз деп дәл айта алмаймын. Білімге құйылған инвестицияның 1 жылда болмаса, 5-10 жылда қайтарымы бар деп айта алмаймыз. Балалар осы білімді алғаннан кейін жоғары оқу орындарына түсіп, болашақта алған білімдері арқылы жақсы маман болып, біздің мемлекетіміздің экономикасына, білім-ғылымына, басқа салаларға үлес қосқан кезде, бір жаңалықтар ашылған кезде барып айта аламыз. «Нобель сыйлығын алды, осындай жетістіктерге жетті» деген кезде ғана айта аламыз.

**Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Солай-ақ болсын, әрине, үміттенеміз. Дегенмен де білім саласына кеткен қаражат туралы айтқан кезде мейлі министрлік қызметкерлері, мейлі өзіңіздің әріптестеріңіз болсын, бірінші кезекте жаңа салынған балабақшалар мен мектептердің

Әрине, ЖОО бітіріп келген жас маман өзі отбасын құрмаған, әлі балалы болмаған. Енді бізде көбінесе ЖОО теория беріледі. Өткенде де осы мәселені министрмен кездескенде айтқан болатынбыз. Балабақшада жұмыс істейтін ұжымға қатысты министрмен кездескен кезде «Неге балабақша мамандарына тек 4 жыл бойы теорияны оқытасыздар, 1,5-2 жыл ғана оқытып, қалған уақытында практика болса, жақсы болар еді ғой?» — деген ұсынысты талқылаған болатынбыз.

**Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Дұрыс қой енді, қазіргі білім алып жатқан сіз бен біздің балаларымыз осы жүріп жатқан реформаны бастан өткеріп жатыр. Ертең біз осылардан не күтеміз? Қазір біз оларға эксперимент жасап отырмыз, ал ертең олардан қандай сапа күтеміз? Қандай дүние талап етеміз? Сендерге 10 жыл бұрын 2 триллион теңге салғанбыз деп қалай айтамыз?

**Динар Нұкетаева:** Енді екі триллион деп айтқанда, қалай айтамыз? Өйткені білімге салған ақшаны көзбен көріп, қолмен ұстай алмаймыз. Бірақ қоғам, министрлік, заң шығарушы біздер болып, әрине, депутаттар да өз тарапынан сындарын айтып, мұның барлығы ең ақыр аяғында балаларымыздың білім сапасын көтеру екенін айтамыз. Қазіргі танда балалардың білімі өте сапалы болуы керек.

KÓKEIKESTI

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



1+3

## КОРЕЯЛЫҚ КӨЗБОЯУШЫЛАР

Алматыда оңтүстіккореялық азаматтардың бақылауындағы караоке-барда үлкен қылмыстың беті ашылды. Мұнда жезөкшелердің ордасы болған.

Жедел алдын алу шараларының барысында белгілі болғаны, караоке-барда жеңіл жүрісті жергілікті қыздар шетелдіктерге төсек қызметін көрсеткен. Қылмысқа тосқауыл қою барысында арадағы делдалдардың да жолы жабылды.

Дәл осындай оқиға Астанада да қайталанды. Вокзала маңындағы жезөкшелер ордасында жеті қыз ұсталды. Барлығы Өзбекстаннан келген қыздар. Ерлердің көңілін аулап, ақша табуды кәсіпке айналдырған арулар көші-қон заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа да тартылды. Үш қыз елден шығарылды. Ал Өзбекстан ішкі істер министрлігінің өкілдері жеңіл жүрісті жерлестерімен жеке әңгіме өткізді.



## ЖЕҢГЕТАЙДЫҢ ЖОЛЫ БОЛМАДЫ

Түркістан облысында тәртіп сақшылары жеңгетайлықпен айналысқан бес адамды анықтады.



Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері Сарыағаш ауданындағы сауна қызметкері жеңіл жүрісті қыздарды көңіл көтеру үшін жігіттерге жалға беріп, сол үшін сыйақы алып отырған.

Осы оқиғаға қатысты Қылмыстық кодекстің 309-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

## ТОҒЫЗ ЖЫЛДАН СОҢ ТОРҒА ТҮСТІ



«адам саудасы» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Түркістан облыстық полиция департаменті 2009 жылдан бері іздеуде жүрген Қазақстан азаматшасын қолға түсірді.

28 жастағы Жұлдыз есімді ару өзбек қыздарының тәнін саудалаумен шұғылланған. Сондықтан оған «адам саудасына қатысты қылмыстар жасалды» деген айып тағылды. Өзбекстан құқық қорғау органдары берген мәліметтерге қарағанда, ұсталған әйел Алматыдағы массаж салонында үш өзбек қызына ақылы түрде көңіл көтеру қызметін ұсынған. Шын мәнінде, ол елімізге секс қызметін көрсетуге өзбек қыздарын әкеліп жүрген. Осыған байланысты

**Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ**

**Әттеген-ай!**

Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданы маңындағы Алакөлдің жағалауы әдіптеліп, заманауи

## ЖАҒАЛАУДЫ ЖАПЫРДЫ

Бұл туралы әлеуметтік желілерде жарияланған бейнекөріністер жұрттың жағасын ұстатты. Оны түсірген азамат былай дейді: «Төселген кеспе тастар қазірден-ақ барлық жерде шашылып жатыр. Ал «рогаткаға» дейін (жаздық аттракцион)

төрт метр қалған, қарандар, қандай қорқынышты».

Бұл жылдамдығы секундына 25-26 метрге жеткен дауылдан көрінеді. Толқынмен лықсыған су жағалауды шайған. Плиткалардың үстін мұз басып қалған. Үржар ауданы әкімінің орынбасары Дидар Хамитов бұдан ешқандай залал келмегенін айтады. Шомылу маусымы аяқталғаннан кейін коммуналдық кәсіпорын мамандары жағалаудағы «бүлінеді-ау» деген дүниелерді жинастырып әкеткен. «Алакөл жағалауын бекітуге әзірше қаржы жоқ. Келесі жылы қазір бар тосқауылдың

дүние көл суының құрбанына айнамай ма?



жұмыстары аяқталуы мүмкін және қосымша тоғыз тосқауыл тұрғызамыз. Түріндегі тосқауылдар жағалаудың 3,2 шақырымын қорғай алады», — дейді Дидар Хамитов.

Осыған дейін жағалауды қайта жөндеу үшін төрт миллиард теңгеден аса қаржы жұмсалған. 2019 жылы жағалау қазіргіден берік бола түспек. Алайда Алакөлде қауіпті маусым көктемде басталады екен. Жағалауға соғылатын мұздар жолындағының бәрін жапыратын көрінеді. Қысқасы, көрікті көлге қыруар қаражат та тосқауыл бола алмайтын сынайлы.

**Қымбат тариф (хикая)**



**Жарық тасымалдаушы:**  
Баланста жоқ көшелер. Жекеге қымбат төлейді. Баланстағы үйлердің. Жарығы енді сөнбейді.



**Тұрғындар:**

Ана көше жарыққа 30 теңге төлейді. Мына көше жарыққа 40 теңге төлейді. Сурастырсақ мән жайды, Себебін ешкім білмейді.



**Министр:**

Орынсыз тарифті өсірген мекеме жауапсыз қалмайды. Енді монополистер, тарифті өсіре алмайды.







E-mail: [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

# NARYQ

## БИЫЛ ҚАНША КӨЛІК ТІРКЕЛДІ?

2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте тіркелген жеңіл автомобильдердің саны



2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстан Республикасында 696842 жеңіл автокөлік тіркелген немесе өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 70,5% артық.

Дереккөзі: [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)


КЕСТЕ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕАЭО ЕЛДЕРІМЕН ӨЗАРА САУДА-САТТЫҒЫ


(қаңтар-қыркүйек, 2018)

2018 жылғы қаңтар-қыркүйектегі Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасы 13982,5 млн АҚШ долларын құрап, 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 8,7%-ға артты, соның ішінде экспорт – 4349,2 млн АҚШ доллары (12,4%-ға өсті), импорт – 9633,3 млн АҚШ доллары (7,2%-ға өсті).

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдеріне экспорттың тауарлық құрылымы



Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерінен импорттың тауарлық құрылымы



Дереккөзі: [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

### Серпін

Қазақстанның жетекші тікелей интеграцияланған мұнай-газ компаниясы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы биылғы тоғыз айдағы қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялады. ҚМГ Баспасөз қызметі хабарлағандай, ұлттық компания тоғыз айда елеулі жетістіктерге жетті. Нақтырақ айтсақ, түсім өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 62%-ға өсті. Таза пайда – 43%. Осы көрсеткіштер «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ жемісті жұмыс айғақтайды.

Енді тоғыз айдағы операциялық көрсеткіштерге тоқталар болсақ, мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда 1%-ға – 17 642 мың тоннаға дейін өсіп, табиғи және ілеспе газ өндіру 2%-ға ұлғайған. Мұнай тасымалдау көлемі 55 674 мың тоннаға дейін өсіп, газ тасымалдау көлемі 13%-ға артқан.


Биылғы 10 мамырдан бастап «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның («ҚМГ БӨ») жаһандық депозиторлық қолхаттары мен жай акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларының тізімінен шығарылды. ҚМГ ҰҚ-ға ҚМГ БӨ жай акцияларының шамамен 99,6%-ы тиесілі. 13 қарашада ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің шешімімен артық акцияларды сатып алу бағдарламасының мерзімі 2019 жылдың 31 қаңтарында дейін ұзартылды. 16 қарашадағы жағдай бойынша ҚМГ БӨ еркін айналымдағы 1905 209 артықшылықты акцияның 1 058 363 акциясын (немесе 53,6%-ын) жалпы сомасы 13,5 млрд теңгеге сатып алды.

Қазан айында «Қазақстан-Румыния инвестициялық қоры» бірлескен кәсіпорны құрылды. KMG International N.V. қатысу үлесі – 80% және «Societatea de Administrare a Participațiilor în Energie S.A.» (Румынияның энергетика министрлігі тағайындаған, энергетикадағы қатысу үлестерді басқаратын компания) қатысу үлесі – 20%. Акционерлік капиталдың бастапқы сомасы – 5 млн АҚШ доллары. Қор қызметінің мақсаты – KMG компаниясының жалпы стратегиясына сәйкес энергетикалық сектордағы инвестициялық жобаларды дамыту болып табылады. Қазанда ҚМГ «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-дағы (Астана қаласын, еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газбен қамтамасыз ету үшін «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылысы бойынша жобалау компаниясы) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ жай акцияларының 50%-ын сенімгерлік басқаруға алды. Оның мақсаты – ҚМГ-ның жинақталған тәжірибесі мен сараптамасын ескере отырып, осы инвестициялық жобаны басқару.

Бұл айда ҚМГ Басқарма төрағасы болып тәжірибелі мұнайшы Алик Айдарбаев тағайындалды.

2018 жылдың тоғыз айында Қашаған кен орнында («Норт Каспиан Оперейтинг

### 2018 жылдың 9 айындағы қаржылық және операциялық көрсеткіштері



# ҚМГ: ӨСІМ ДЕ, ӨСҮ ДЕ БАР

#### ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:

■ Атырау мұнай өңдеу зауытында (АМӨЗ)

**3 943 мың** тонна жанармай өндірілді.

**ӨСІМ – 16%;**

■ Павлодар мұнай-химия зауытында (ПМХЗ)

**3 911 мың** тонна жанармай өндірілді.

**ӨСІМ – 2%;**

■ Шымкент мұнай өңдеу зауытында (ПҚОП)

**1 714 мың** тонна жанармай өндірілді.

**ӨСІМ – 4%;**

■ Caspi Bitum-ның көрсеткіші –

**327 мың** тонна.

**ӨСІМ – 17%**

#### ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:

Бензин өндірісі

**2 380 мың**

тоннаны құрады.

**ӨСІМ – 26%;**

● дизель отыны **2 861 мың** тонна. **ӨСІМ – 5%;**

● авиация отыны **152 мың** тонна. **ӨСІМ – 36%;**

● өзге мұнай өнімдері

**3 591 мың**

тоннаны құрады.

**ӨСІМ – 8%**

Өндірілген жеке мұнайды сату көлемі біршама 2%-ға 15 034 мың тоннаға дейін төмендеді. Өндірілген жеке мұнайды ішкі нарыққа жеткізу 4 853 мың тоннаны (кейіннен мұнай өнімдерін сату үшін МӨЗ-дерге шикі мұнайды жеткізуді қоса алғанда) құрады. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 9%-ға өсті.

ҚМГ магистральді құбырларымен мұнай тасымалдау көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 9 айында 0,5%-ға ұлғайып, 50 716 мың тоннаны құрады (ҚМГ үлесін есептегенде).

Тоғыз айда көмірсутегі шикізатын қайта өңдеу көлемі 14 947 мың тоннаны құрады.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында аяқталған жаңғырту жобасының нәтижесінде қайта өңдеу тереңдігін жоспарлы жобалық көрсеткіштерге дейін кезең-кезеңімен ұлғайту жалғасуда. Қаңтар-қыркүйек айларында 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қайта өңдеудің орташа тереңдігінің ұлғаюы байқалуда. Мұнай өнімдері өндірісінің көлемі 10%-ға өсіп, 13 931 мың тоннаны құрады.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өнімдері өндірісінің көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, қайта өңдеу көлемінің ұлғаюына байланысты 5%-ға 8 984 мың тоннаға дейін артты.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) Қазақстанның жетекші тікелей интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады.

Талап ТІЛЕГЕН

## АРМАННЫҢ АҚБОЗЫ

Түн жарымында Арман деген досым қонырау шалды. Дауысынан жалыныштың, шарасыздықтың кейпі байқалатындай.

— Тілісің ғой — дейді, алкынып.


— Не болып қалды? — дедім ұйымды аша алмай.

— Таныстарына хабарласшы. Тағы да жол полицейлері ұстап алды. Соңғы рет құтқарып жіберші, досым! — деп телефонның ішіне кіріп кетердей жалынды. Сонда ғана оның мініп жүрген көлігінің құжаты дұрыс емес екені есіме сап ете қалмасы бар ма. Ақылы айтып, жол көрсетіп отыратын уақыт емес. Түн ортасы. Оның үстіне мұндай бейуақта таныс полицейлерге қонырау шалуудың өзі уят. Алматыдағы тілшілерді жол полицейлерінен үнемі құтқарып жүретін ДВД-ның баспасөз хатшысы Саттанат ханымды мұндай мезгілсіз уақытта әурелеу, тіпті қысынсыз. Содан не керек, досыма көмектесе алмайтынымды қаралы хабар жеткізгендей әрең айттым...

Ертесі таң атпай Арманға қонырау шалдым. Көтерді. Ренішін айтатын шығар деп іштей дайындалып отырғанмын. Бірақ олай болмады.

— Құдай құтқарса, осы көліктен құтылмасам болмады — деді, менің сөзімді күтпей. Кешірім сұрайын деп тұрған ғой.

— Құтылғаны несі? — дедім әңгіменің басқа арнаға бұрылғанына іштей қуанып. Досымның құтыла алмай жүрген көлігі Қырғызстанда тіркелген. Бұл осыдан 5-6 жыл бұрынғы оқиға. Арман оны өз атына тіркетейін десе, жылы ескі. Көне машинадан біздің елдің бас тартқалы қашан? Қысқасы, заңға томпақ. Әлдебір алаяқтарға сеніп, бар ақшасына Алатаудың күнгей бетінен осы акбоз арғымақты тақымадап келгеніне көп өкінді. Алматыға жеткізген күні-ақ полицейлер ұстап алып, біраз мазалапты. Бұл әлдекімдердің «Қырғызстанда машина арзан. Алматыға біреуін алып келсең, құжатын өзіміз жасап береміз. Еш қиындық жоқ» — деген сөзіне сеніп,



ұрынып отыр. Ізін суытпай, қайтадан Алатау асырып сатып жіберейін десе, тағы бір пысықтар ойынан айнытыпты. Досым бала секілді аңғал ғой, әлгілердің сөзіне имандай сеніп қалды. Машина әкелгеннен кейін, құжатын жасаймыз дегендер «Заң өзгеріп кетті. Ақ болды, көк болды» деп бастарын ала қашты. — Үәде берген екенсіңдер. Онда құжатын жасап беріңдер! — деп мен де араластым. Бірақ олар сөзінен тайып шықты...

Арман қаланың шетінде тұратын. Өзі мұғалім еді. Күнде жұмыстан үйіне жеткенше өппақ арғымағын полицейлерге бірнеше рет көрсетіп, «көрімдік» беріп қайтатын болды. Мен оған әзілдеп «Жұрт алған машинасына көрімдік алып, жұртқа жар салып жатушы еді. Сен көлігіңді тоқтатқан сақшыларға ақша шашып шаршайтын болдың-ау?» — деймін. Алғаш бір-екі мәрте жол полицейлерге жағдай айтып, таныс-тамырларға шығып, шешіп бергенмін. Кейін ондай жағдай, тіпті жиілеп кеткен соң, телефон көтеруден қорқатын болдым.

Мені түн жарымында мазалаған күні мұның пырағын сақшылар айып тұрағына бір-ақ тоғытыпты. Қанша жалынып-жалпайып, ақша берсе де «Біз пара алмаймыз!» — деп, сөзіне табандап тұрып алған көрінеді. Арманның акбозы айып тұрағында екі апта жатты. Кейін айыбын төлеп, «Қырғызстанға апарып сатамын» деп, өз көлігін өзі әрең алды. Бірақ Алатаудың арғы бетіне екі рет апарып, алған ақшасына сата алмай, дінкесі құрып қайтты.

Сөйтіп жүргенде, бұған біреулер кездеседі. «Іздегенге сұраған» демей ме, әлгілер «Ақшасын төлесен, бақшасын шығарып береміз» — деген көрінеді. Бұл оларға сеніп, бақандай мың долларға келісіпті. Аз ақша емес. Ол кезде 185 мың теңге болатын. Содан не істеді дейсіздер ме?..

## ГАЗЕТКЕ ОРАЛҒАН МАШИНА

Арман мұғалім сонау Семейден өртеніп кеткен бір машина тапты. «Семейден машина шығып тұр, соны алып келем. Құдай құтқарса, «қырғыздың арғымағынан» құтыламын!» — деп қонырау шалды. Тілі ашы, шағып сөйлейтін әдеті бар еді. Теңеуіне езу тарттым. Семейден әкелетін машина тура өзі мініп жүрген көліктен түрі-түсі, шыққан жылы — қысқасы, егіздің сынарындай ұқсас екен. Төрт күннен кейін «Пойызбен қайтып келе жатырмын. Күтіп ал» — деп тағы қоныраулатты. Тізгін ұшымен жеттім. Машина жок, қара басы қалқайып өзі тұр. Қолында газетке оралған ұзыншақ заты бар. Машинасын жүк таситын вагонға басып жіберген екен ғой деп ойладым. Сөйтсе, «Мерседес» мініп қайтамын деген адам қолындағы газетті сыртынан сипап-сипап қояды.

— Машинан қайда? — дедім, амандасып жатып.

— Міне! — деп, «Дидар» деген газеттің қиындысын көрсетеді. Әзілдеп тұрған шығар деп, мән бермедім.

— Сенбей тұрсын ба? — дейді. Күлдім. Ол газетті ашып бір ұзын затты алып шықты. Әппақ темір. Бетінде жыпырлаған қалың сан бар.

— Бұл не? — дедім.

— Машина ғой — деп бетіме түсініксіз жымиды. Сөйтсем, оның қолындағы темір машинаның шамақ нөмірі екен. Яғни көлік сүйегінің жеке нөмірі. Бір әріп, бір цифрын бүлдірмей, оймақтай қылып ойып алыпты.

— Мұны қайтесің? — деп, күлдім. Ол «Мінемін!» — деді тағы да түсініксіз ыржалақтап. Бірдеменің шалығы тигендей адамдай көрінді. Оның үстіне, тілінің тұзы бар ғой, қырсығып отырған шығар деп үндемедім...

## ДӘНЕКЕРЛЕУШІ

Семейден көтеріп келген ақ темірдің мәнін кейін түсіндім. Есік қаласының арғы жағындағы Түрген ауылында бір шебер-ұста болатын. Үнемі үсті-басы май-май болып, көлік жасап жатушы еді. Өзім де машинам сықырлай қалса, сол Ораз ағаға қарай алып ұшатынмын. Бір сенбі күні Арман маған «Ораз ағаға барып қайтайық» — деп өтінді. — Машинамды жасатып жатыр едім. Ақшасын беріп, көлікті мініп қайтсақ — деді. Бардық. Ұста ақ тұлпардың астына кіріп алып, шұқылап жатыр. Бізді көріп, басын көтерді. Содан кейін Арманға бұрылып, түсін суытып «Тағы да қайталап айтамын. Анау-мынау жағдай болса, сен мені, мен сені танымаймын» — деді. Көзінің еті қызарып, жүзі тұтығып кетіпті. Мен мәселенің мәнін толық түсінбей, әңгімелеріне араласа алмай шетте тұрмын. Арман болса «Аға,

# DETECTIVE

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

деді ме екен, әлгі машинаны Қызылорда жақтағы біреулерге сатып жіберіпті. Қалай сатты, техникалық тексеруден қалай өткізді? Ол жағы Арманға айтпапты. Пәлелі көлік қыр асып, Қызылордаға кетсе де, Арман мұғалімнің ұйқысы әлі тыныштала қойған жоқ. Қай күні біреу келіп «Сіз сатқан көліктің сүйегіндегі таңба дәнекерленген екен. Мұны кім істеген? Бұл қылмыс!» — десе, не деймін?» — деп шикі ет жеген жандай күпті күйде жүр...

## ҮЙІРЛІ ҰРЫ

Дәл осындай жағдай Қарағанды облысында да болды. Сұлтан деген жігіт айдын-күннің аманында астындағы мініп жүрген машинасынан айырылып қалған. Қалай дейсіздер ме? Оқиға былай болыпты.

Осыдан 3 ай бұрын Сұлтан көпқабатты үйдің ауласында тұрған



# ШАНАҚТАН ШЫҚҚАН ШАТАҚ

Бес адамнан құралған топ әп-сәтте жүктей көлікті кикылдатпай-шиқылдатпай ашып, оталдырып, мінді де кетті. Бұл бір олжалы түн болды...

Абыр-сабыр басылғанша Сұлтанның сүлікқарасын бір жабық қораға қамап, әлгі баскеспелер тып-тыныш жатып алды. Бір апта өтті. Содан кейін ғана бұлар көлікті түнделетіп өздеріне таныс шеберханаға алып келді. Ол жерде қайрағын жалаңдатқан «қасапшылар» толып отыр екен. Сүлікқараға бәрі қызыға, қызғана қарады. Сосын, машинаның кеудесін ашты да, шанақ нөмірін тас шарыққа салып, шарылдатып отырып, ойып алды. Сөйтіп де, әлгі жол апатына түскен көліктің шанақ нөмірін салып, жымын білдірмей дәнекерледі. Көлік дайын. Енді мін де құстай ұш. Тіпті Сұлтан келіп танып тұрса да, бермеуге хақың бар. Өйткені, бұл осы түрмен мүлде басқа машинаға айналған. Сұлтандікі 2008 жылғы, Араб елдеріне арналып жасалған. Мынау 2006 жылғы, Еуропа талабына сай шыққан. «Қалауын тапсаң, қар да жанады» — деп, әлгі үйірлі ұрылар бөріктерін аспанға атып қуанды...

## ШАРАСЫЗДЫҚ

Сұлтанның машинасын Алматы мен Астананың біріне апарып сатпақшы еді. Бірақ сатып алушылар осы Қарағандының өзінен шығып қалды. Нарықта мұндай арғымақтар 8 миллион теңгеден кем емес. Ал бұлар ақшаға тәуелді адамның образына сніп, сүлікқараны 7 миллионға берді де жіберді. Бұрынғыдай техникалық тексеруден өткізбеді. Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, қажетті рәсімдерін өтеп, сатты да жіберді. Сол күнгі әлгі үйірлі баукеспелердің қуанышын айтып сұрамаңыз! Таңға той-тойлады: дастархан таудай үйілді, арақ өзендей ақты...

Сүлікқараны сатып алған Мейрамбек те осы Арканың жігіті. Ол да іздегенінің табылғанына мәз. Оның үстіне нарықтағыдан миллион теңге арзанға алды. Не керек? Машинасы құстай ұшып тұр. Бірақ бір досы машинаның арзанға түскеніне іштей күдік келтіріпті...

Арада 3 ай өте шығады. Бір күні Мейрамбекті қала шетіндегі экологиялық бекетте жол полицейлері тексереді. Жылына бірнеше рет болып тұратын мұндай жаппай тексерудің пайдасы көп. Ұрланған көлік табылады. Қылмыстық іске қатысы бар машиналардың дерегі анықталады дегендей. Мейрамбек ешнәрседен күдіктенбеді. Құжатын берді. Полицейлер алдымен құжатты, содан кейін көлікті тексеріп, әлгі шанақ нөмірінің дәнекерленген жерін тапты. Бетіне жакқан бояудың бір шеті ұшып кетіпті. Мейрамбекке көрсетті. Бұл аң-тан...

Содан бері сүлікқара айып тұрақта қантарылып тұр. Полицейлер Сұлтанға хабар берген. Бірақ ол да өз машинасын танығанымен, дәлелдей алмай отыр. Өйткені, темір тұлпардың шанақ нөмірін анықтау үшін біраз әуре-сырсаң күтіп тұр. Жапонияға хат жіберіп, машинаның шыққан зауытынан басқа да белгі-нөмірлерін анықтау керек. Сонда ғана Сұлтан өз көлігіне қол жеткізе алады.

## P.S.

Айтпақшы, көлік ұрлығы бойынша Алматы көш бастап тұр. Былдың өзінде 136 темір тұлпар қолды болыпты. Қарағандыда 54, Астанада 20, Түркістан облысында 36 іс тіркелген.

Жарас КЕМЕЛЖАН

үәде — Құдай сөзі! Ешқандай әңгіме шықпайды. Алаңдаманыз!» — деп басын изеп, қолын қысып, жалпақтап жатыр.

Ұстанның үйінен ұзап, қалаға жақындағанда оқ бойы озып кеткен досым тоқтады.

Бір асхананың алды екен. Түстеніп алуға кірдік. Тамактанып жатып, әлгі Семейден аттай қалап әкелген ақ темірдің жай-жапсарын сұрадым. Мұғалім жігіт үндемеді. Сыртқа шығып, қоштасып жатқанда ол машинасының қапотын ашты.

— Ананы көрдің бе? — деді. Қарасам, қайсы күнгі нөмірі бар ақ темір көліктің кеуде тұсында жарқырап тұр. Бұл қалай болғаны?..

Сөйтсем, әлгі Түргендегі ұста досымның көлігінің шанақ нөмірін кесіп алып тастап, орнына әлгі ақ темірді кетпестей етіп дәнекерлеп беріпті. Тіпті қалай қарасаныз да, басқа көліктен алды деп еш ойламайсыз. Жымы білінбейді.

— Мынауың басына пәле болып жабыспай ма? — дедім.

— Жігіттер «Білінбейді» — деп жатыр. Біреуге сатпасам, техникалық тексеруден өткізбесем, ешнәрсе бола қоймас — деді.

Мен басымды шайқадым.

## ҚҰДАСЫ ҚҰТҚАРДЫ

Ұстаз досым әлгі ақ арғымағын бір жылдай мінді. Кейін, інісі үйленіп, Шымкентке құдалыққа барғанда, сол жақтағы құда жігіттер аттай қалап сатып алыпты. Бұл Алатау асырып әкелген машинасының шикілігін жасырмай айтқан. Бірақ Жетісайда қауын-қарбыз егіп, жер еміп жүрген жігіттер «Техникалық тексеруді бізге қалдырыңыз. Таныстарымыз бар. Сіз мұны бізге сатсаңыз, болды. Басқасы біздің шаруа. Қалаға емес, қауын-қарбызға мінетін көлік болады» — деп, қыз алуға барған, бұған бір қыздың қалыңын беріп, пойызбен шығарып салыпты.

Сатарын сатса да, Арманның ұйқысы тыныш болмады. Қай күні полицейлер сау етіп келіп, мұны әкеліп қалар екен деп жүрді. Жаман түс көрген күндері Жетісайдағы құдаларына қонырау шашып, аман-саулықтарын біліп, содан кейін көлігінің мән-жайын сұрайтын. Оған қауын егіп, атыз басында жүрген құдалары «Біз қыз бергенде бұлай қиналмаған едік, сізге не болды? Қимасаныз, күзге қарай келіңіз. Машинанызды қауын-қарбызға толтырып, қайтарып берейік!» — деп қалжындап жүрді.

Кейін, жарты жыл өткен соң құдалары да пәледен құтылайық







## Нарық

Арқа қазақтары шұрқыратып соғым байлай бастады. Биыл жылқы бағасы бұрнағы жылдармен салыстырғанда біршама қымбат. Бұл мал басының кемігенінен емес. Онда себеп не? Осы тақырыпты зерттей келе, қымбатшылықтың, себебі өзге азық-түлік бағасының өсуімен тамырлас екенін аңғаруға болады. Екінші бір себеп – мал азығы қымбат.

# ҚАНША ЕКЕН, АҒАСЫ, БИЫЛ ЕТТІҢ БАҒАСЫ?

Қазір бағаның ең қымбат жері — облыс орталығы Көкшетау. Қалада ет сатумен айналысатын қырықтан астам сауда нүктесі бар. Олардың қаншасы жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, мемлекетке салық төлеп жатқанын ешкім білмейді. Келушілерді қызықтыратын нәрсе — жылқы және ет бағасы. Дәл қазір сере қазы шығатын ту биелер 420 мыннан 450 мың теңгеге дейін барады.

150 мыннан астам халық тұратын облыс орталығында топырақты өлім, торкалы той көп. Ет іздегендердің бәрі біз айтқан саудагерлерді жағалайды.

— Сырттан арзанын іздегенмен қысылтанда уақыт жоғалтасын, — дейді қала тұрғыны Жакыпбек Әлібаев. — Онда да диттегенің табыла қойса жаксы. Кейде ұзынқұлақтан пәлен жерде мал бар деп естисің де, жүздеген шақырым жол жүріп барасын. Пышақ көтеретін семіз мал тұрушы ма еді. Әлдеқашан өтіп кеткен. Амал жоқ, кері қайтасын. Асықпай індететін соғым емес, керек болған соң, жанұшыра іздейсін.

Енді қаладағы бағаны түгел айта кетелік. Екі елі қазы еркін байланған құнан, байтал 350-360 мың теңге төңірегінде. Онда да денесінің ірілігіне қарай. — Жаңа жылдан бір күн асқан соң өтпей тұрған тайды осы бағаға жетіп қалады, сатушылар жасы жетпесе де, денесі толысып, ет байламаса да шоқтығы биік, жаясы жалпақ, тұрқы келіскен тайларды құнан-байтал деп сата береді. Өз малың болмаған соң қайдан білесің, — дейді соғым іздей шыққан Сабырбек Шәріпов.

Қазір табындағы жылқы ішінде байланбаған тайды 170-180 мың теңгеге сатып алуға болады. Бірақ, бұған қала тұрғындарының шамасы жете ме, қалтасы көтере ме? Белгісіз. Өзі байлауға ең алдымен мал ұстайтын орын

және жеткілікті жем-шөп қажет. Көкшетау төңірегінде мал семіруге қажетті арпанын 1 тоннасы 40 мың теңгеден асып кетті. Жалғыз арпа емес, малға жұғымды шөп те керек. Кемі 20 мың теңгеге шөп аласыз. Сонда семірілмеген 180 мың теңгеге алған тайыңыздың үстіне жем-шөпке жұмсаған 60 мың теңгенізді қоссаңыз, байланған тай 240-250 мың теңге шамасында болып шығады.

Ауылдағы ағайын мал сүмесімен күн көріп отыр. Бірақ кәсіп айтатын бір жай, қысы-жазы бейнетпен баққанымен, берекенің үйірілуі ойдағыдай емес. Өйткені, өздері қалаға әкеліп тәуір бағаға сата алмайды. Алушы алыссынып ауылға

қараныз, алты ай қорала тұрған соң қара малдың өзіндік құны да қымбат. Оның үстіне жергілікті мал тұқымының соңғы 20-25 жылда азып кеткенін қосыңыз. Қунажын деп құтыртқаныңыздың өзі бұзаудай ғана.

Ауыл еңбеккерлерінің қорасындағы бірлі-жарым малының дұрыс болуы үшін, алдымен, мал тұқымын асылдандыру керек. Содан соң, еңбегі ақталатындай тиімді жол табылса...

Бұдан бұрын да Көкшетау қалалық әкімдігі арнайы коммуналдық базар ашып, талпынып көрген. Бірақ ет саудасымен тұрақты айналысатын саудагерлер басып алды. Арнайы кәсіп етпеген

бармай тұр. Екі ортада бірлі-бірге жалғайтын саудагерлер ғана жортып жүр. Негізгі «енбек баққандікі» болғанымен, табыстын біразы — тапқандікі.

Сыыр еті де дәл осылай. Әсіресе қоңыр күзде бала-шаға мектеп табалдырығын аттайтын тұста ауылдағы ағайын бірер қарасын бетіне қарамай сатып құтылуға асығады. Олай болатындығы балаларын қатарынан кем қылмай киіндіруі керек, одан соң қаншама құрал-жабдығын сайлайды.

Шалғайдағы шағын ауылдарда мал өлшейтін таразының болмауы — ауыл тұрғындары үшін тақсырет. Мұның амалы — иесі мен саудагердің малдың тұрқына қарап, ауызша келісу. Жыл он екі ай табанынан таусылып баққан малын жұрт та жілігі татымайтын бағаға бере қойғысы келмейді. Пайда аңдыған саудагер де сығаннан бетер суырылып, айналдырып бағады. Ақыры жеңеді. Саудагер емес, жоқшылық жеңеді. Қаржыдан қысылған қарапайым қазақ көрінеу көзге, сөйтіп, екі ортадағы делдалға жем болады. Ал мал бағудың бейнеті қысы табандатқан алты айға созылатын солтүстік өңірде қып-қызыл бейнет екендігін еңбектеген бала да біледі. Өзіңіз ойлап

адам мал анықтамасын жинауды кәдімгідей жұмыс көреді. Оның үстіне жүйткіп тұрған көлігі де жоқ. Ең онайы, бұйырғаны осы деп ауылға өзі келіп тұрған саудагерге тапсыра салу.

Ауыл тұрмысын жақсарту үшін ендігі арада мал өнімін тікелей сатып алып, өңдеп, тұтынушыға ұсынатын жүйе қалыптасса дейсіз. Сонда ғана мал баққан малшыға да, арзан ет өнімдерін іздеген тұтынушыға да тиімді болар еді.

Айтпақшы, жылқы етінің бағасын шарықтатуға тағы бір себеп бар. Ол қазақтың қанына біткен жалған намысы. Арқа жұрты сағаты таусылып өмірден өткен адамды жөнелту асында мүше-мүшесімен астау толы ас тартатын. Қырқында, жылдық асында да. Соңғы жылдары кісі көп жиналатын астарда екі жылқыдан сойып жүрді. Қаншама рәсуа. Саудагердің күні туатын кез де дәл осы ара.

Сөз сонын түйіндей келе, ауылды көтеру үшін алдымен сол жердің несібесі төрт түлік малдың төлін бұлдап сататын бірыңғай жүйе қажет. Бүгінгі айтпағымыз да осы еді.

**Байкен КӨБЕЕВ,**  
*Ақмола облысы*

## Түйткіл

«Black Friday» – әлемнің бірқатар елінде қараша айының соңына қарай аталып өтетін шара. Бұл күні жұрт жеңілдікпен тауар алу үшін сауда орталықтарында жан берісіп, жан алысады. Арзан тауарға таласқандар төбелесіп, тіпті бірін-бірі пышақтап, атып кетіп жатады. Өкінішке қарай, бұл – мұсылман қауымына жат әдет. Алайда «сынықтан басқаның бәрі жұғатынын» уақыт дәлелдеуде. HALLOWEEN секілді сүйкімсіздеу күннің бірі бізге «Black Friday» деген атаумен жетуі өкінішті.

Қазақ тілінің қадірін білмейтін, ана тілінің бұлағынан терең сусындамаған әлдекімнің «Black Friday» сөзін «Қаралы жұма» деп аударуы ұлтты ұятқа қалдыратындай көрініс. Біраз жұрттың төбе шашын тік тұрғызатын жазуды көрген бір қария «қара басына көріңсің!» депті-мыс. Бәрінен қызығы, осы акция неге жұма күніне келіп тұр? Білгіштердің айтуынша, «Black Friday» сөзінің астарында діни көзқарас жатыр. Оған терең мән бермегеннің өзінде, мәселе қазақ тілін қорлап, акция атауын «Қайырымды жұма» деп кім аударғандығында.

Бір қарағанда саудалағы жеңілдік — қайырымдылықтың бір көрінісі.

«Күн шыққан күндердің ең жақсысы — жұма. Өйткені осы күні Адам жаратылған, осы күні ол Жұмакка кіргізіліп әрі осы күні Жұмактан шығарылған», —

Акция еліміз тұрғындары тарапынан биылғыдай серпіліс тудырмаған. Әрине, арзан тауар кез келген кісіні қызықтырады, өте тиімді. Алайда америкалықтар сияқты емес, өзімізге тән болмысымызбен сауда жасауды үйренген жөн. АҚШ-тағы «Black Friday»-дың қалай өтіп жатқанын интернеттен көріңіз бе? Бірімен-бірі қырылсқан халық. Нью-Джерси штатында 20 жасар жігітті атып, оның 26 жасар ағасын жаралаған. Невада штатындағы Рено қаласындағы Walmart гипермаркетінде ерегіскен тұтынушылар

## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК:

«Black Friday» – АҚШ-та қайырымдылық күні. Жаңа жыл алдындағы дәстүрлі шара. Бұл Рождествоға дайындық әрі жаңа жыл алдында сауданы қыздыруға арналған. 1966 жылы АҚШ-тың шығыс жағалауында пайда болған «Black Friday» жыл бойы өтпей тұрған тауарларды сатуға септігін тигізеді. 23-29 қараша аралығындағы акция Рождествоны көңілді қарсы алу ниетімен ұйымдастырылған.

# ҚАЙЫРЫМДЫ ЖҰМАНЫҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРІҢІЗ!

дейді дініміз (*Мұсылм, 854; Насау, 3/89*). Мұсылман қауымының еншісіндегі бұл күн исламда жамағат болып, құлшылық жасайтын күн, бұл күн — мейрам. Адамдар жуынып-шайынып, таза киімін киіп, қасиетті жұма намазына барады. Барлық дұға қабыл болатын күні қайыр-садақа таратылып, кемтарларға қолдау көрсетіледі. «Black Friday» — ресми мереке емес. Таңғы сағат 5-те есігін аяқара ашатын дүкендерде сауда түн ортасына дейін

бірін-бірі атып кеткен. Осы секілді оқиғалар ондап саналады. Мұндайdan бізді Алла сактасын! Ал Астананың «Керуен» сарайынан «Black Friday» — «Қаралы жұманы» көргендердің жаға ұстайтындай жөні бар. Жаксылыкка жаны құштар халкымыздың осы секілді жантүршіктіреp акциялар мен атаулы күндерден аулақ жүргені жақсы. Тым болмағанда, оның атауын, мәні мен мазмұнын өзгертуге болмас па? Мәселен, «Қайырымды



жалғасады. Алғашқы тұтынушыларға 50-ден 80% жеңілдік жасалады. Акция 2010 жылы алғаш рет Ресейде өтті. Көп уақыт өтпей бізге де жетті. Бұл акциядан жамандық көріп жатқан жұрт жоқ. Бар мүмкіндікті пайдаланып, қажетті тауарын несиеге болса да рәсімдейді. Бір мысал, елімізде Picodi компаниясы жүргізген сауалнамаға қатысушылардың 89% сауданың шынайылығына сенеді. 48% осы күнге арнайы ақша жинайды. Тұрғындардың 44% кемі бір тауар не зат алады.

жұма» немесе «Берекелі жұма» десек болмай ма? Тілдерді дамыту және архив ісі басқармаларының жұмысы құжаттарға қол қойып, көшедегі қателерге назар аударумен бітпесе екен. Бұқаралық ақпарат құралдарын алдын ала пайдаланып, елді дүрліктіретін акциялардың абыроймен өтуіне атсалысқаны жөн-ау.

Жаксылык жасауға құштар сауда орталыктары мен құзырлы орындар Алла бұйыртқан әр күнді шарапаты мол іске арнауына болады.

**Жолдасбек ДУАНАБАЙ**

## Ойсалар

Қытайдың Іле Қазақ автономиялы

облысының орталығы Құлжа қаласына туыстарға қыдырып барғанбыз. Сол жерден тас сататын дүкендерді көріп тандандым. Тастардың түрі мен түсі көрген кісіні қызықтырмай қоймайды. Тастан жасалған әшекей, моншақ пен алқа, сырға мен білезік, бір сөзбен айтқанда, бәрін кездестіресіз. Дүкен сөрелеріне қойылған көгілдір, сары, қызыл, ақ, қара түсті малтастар Қазақстанның қойнауында көздесе бермесі анық. Дені жылтыр, өдемі болып келеді. Сұрыпталған тастарға жеке атаулары жазылып, көделік сый бұйымдарына айналып шыға келген. Осылайша табиғат сыйлаған тастардан да керемет туындй жасауға болатыны көз жеткіздік. Сатушылар да өз қызметтерін жетік, әр тастан не жасауға болатынын жан-жақты еңгімелеп беруге даяр тұрады. Қытайша жазыған парақшалардан да көп мәлімет береді. Қара тастың қадірін білетіндер нарыққа әлдеқашан бейімделіп алыпты.

Қала орталығында тас сататын жабайы базар да бар екен. Ол жерде әркім өзі әкелген тасты саудалайды. Тас сатып тұрған қазақтардың да тірлігіне куә болдық. Көбі шалғай аудандардан келген. Тас бағасын сұрасан, алдымен өзіңнен «сенде тас бар ма?» дейді. Жоқ болса ғана бағасын айтады. Нешетүрлі тастарды көре жүріп, олардың өте бағалы әрі сұранысқа ие екендігіне көз жеткіздім. Кейбірінің бағасы


бір жеңіл көлікке татиды. Кейде одан да қымбаттарын кездестіресін. Бұл жұрттан естігеніміз.

Осы сапарымызда қала орталығындағы жабайы базар заман талабына сай түрленгенін байқадық. Тас бұйымдарды қолма-қол жасайтын шағын шеберханалар да пайда болыпты. Шеберлер тапсырыстың қандай

түрі болсын жасайды. Осы кәсіптің дамығаны соншалықты, шалғайдағы ауылдарда да қара тастан пайда тауып отыр.

Елдің ішінде тасты арнайы сатып алушылар да, сататындар да жеткілікті. Ақсу ауылында сондай саудагерлермен кездестік. Олардың айтуынша, тастың қадірін білгендер кәсібінің арқасында шаруаларын дөңгелетіп жүр. Токтасын деген жігіттің үйінен он келі тартатын қара тасты көрдік. Алушы табылса, бағасына қарай сататынын өңгімелеп берді. Бұл тастың көп жерде кездеспейтінін алға тартты. Құда түскен біраз адамға бермегті. Ағияз деген жерден алып келген тас көмірдей қара әрі жылтыр. Тас саудасымен айналысатындар көбінесе Тянь-Шань тауының шын-құздарын аралап, маржанға тең тастарды жинап, сатумен айналысатын көрінеді. Бағалы тас алу үшін қаладан, тіпті ішкі Қытайдан келетіндер бар екен.

Қытайда таза кәсіпке айналған шаруаға біздің елдің тұрғындары енжар. Тіпті ойларына да алмайды. Мәселен, Алматы таулы аймақ болғандықтан, жер астында тас көп. Құрылыс




компаниялары үйлердің іргетасын қаларда мындаған тонна топырақпен бірге тастарды да қала шетіне тасымалдайды. Бұл — қып-қызыл шығын. Осы ауыртпалықтан қытылу үшін тастарды өңдеп, қала ішінде көдеге жаратуға болмай ма? Жергілікті тастар сапасы жағынан қадесей жасауға келмес, бірақ бизнес орталықтары, сауда орындарының ауласын, көшелерді жөндеу барысында асфальт орнына қолдануға болады. Бұл тәжірибе кейбір елдерде бар. Біздің айтпағымыз — қара тастың қадіріне жете алмай жүргеніміз. Бәрімізді ойландыратын мәселе.

**Жексен АЛПАРТЕГІ**  
*(Суреттерді түсірген автор)*



Ақтаңдақ

«Шипагерлік баян» деп аталатын тарихи, құнды кітап бар. Бұл мұра Қытайдағы кандастарымыздың арасында сақталған. Кітап авторы — Жәнібек ханның заманында өмір сүрген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы есімді дәрігер, тарихшы. «Шипагерлік баянда» қазақ тарихына қатысты құнды мәліметтер келтірілген. Кітаптың алғашқы бетінде былай жазылған: «Хан жарлық дестір жазмыш иегер Өтейбойдақ Тілеуқабылұғы бин Ұлу йүз, бин Зарман, бин Албан — әл Құзорда» (*аудармасы: «Хан жарлығымен кітап жазған иегер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Ұлы жуз, Зарман, Албан, Құзорда»*) делінген. Осылайша Өтейбойдақ кітапты кімнің жарлығымен жазғаны, авторы, ата-тегі және қай қалада жазғаны жөнінде анық көрсеткен. Бұл арада айтылған «әл Құзорда» дегені Баласағұн қаласы екенін өзге де тарихи жазбаша




орталығы — Алмалық қаласы болды. Ал Әбілхайыр хандығының орталығы — Сығанақ қаласы еді. Демек, Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығы алғаш Қозыбасы мен Шу алабында құрылды дегені, Өтейбойдақтың Қазақ хандығының ең алғашқы ордасы әл Құзорда-Баласағұн қаласында кітап жаздым дегенін одан ары нақтылай түседі. Өйткені, Құзорда-Баласағұн қаласы Шу мен Қозыбасы аралығына орналасқан. Дәл қазіргі орны Жамбыл облысы Шу ауданы Ақсу ауылынан 5 шақырымдай

мерзімі 1469 жылы болуы мүмкін. Демек, ол кезде Керей хан өмірден өтіп кеткені анық байқалады. Себебі «Шипагерлік баянда» Керей хан туралы ештеңе айтылмайды. Өзге де тарихи деректерде де 1469 жылдан соң Керей ханның аты аталмайды. «Фатх-наме» мен «Шайбани-наме» деректерінде Керей ханның аты аталмай, Барак ханның баласы Жәнібек ханның аты басқалармен бірге айтылады. Осы деректерге негізделгенде, Керей хан 1469 жылы қайтыс болған.

Жәнібек хан 1469 жылдары билікке келіп, 1473 жылға дейін тақта отырған. Өтейбойдақтың деректерінде Жәнібек хан Өз Темірдің шабуылынан қайтыс болғаны баяндалады. Бұл мезгіл 1473 жылға тура келеді. Өйткені 1473 жылдан соң тарихи деректерде Жәнібек хан туралы мәлімет кезікпейді.

Өтейбойдақ «Шипагерлік баянды» Құзорда-Баласағұн қаласындағы Жәнібек хан ордасында 4-5 жылдай уақыт жазумен айналысып, кітапты аяқтар алдында

# ҚҰЗОРДА – БАЛАСАҒҰН



деректерден біле аламыз. Құзорда атауы XI—XII ғасырларда өмір сүрген Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» атты кітабында кезігеді. Онда Ұлуш — қала, қыстақ (*Шылғыше*). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтардың тілінде «үлүш» сөзін «шахар» дейді. Баласағұн шаһарын «Құзүлүш» деп атайды. «Орду Баласағұнға жақын қала, Баласағұнды да Құзорду-Құзорда дейді» деп, Баласағұнның екінші атауы болғанын айтады. Қазақ хандығы ең алғаш осы Құзорда-Баласағұн қаласында құрылды. Қазақ хандығы алғаш құрылғанда орталығы Созақ, Сығанақ қалалары болған деу тарихи шындыққа жанаспайды. Себебі Керей мен Жәнібек бастаған ел Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Әбілхайыр хандығының орталығы Сығанақты және оған тауа мандағы Созақты бірден орталығы етуі қисынсыз. Қазақ хандығының тағына Бұрындық хан отырған соң, 1480 жылдары

«Ақтөбе» деген жерде. Шудағы ескі қаланың жұртын әу баста ғалым Әлкей Марғұлан «Баласағұн қаласы осы болар» деп болжап айтылты. 1974 жылы белгілі тарихшы, археолог, этнолог ғалым Уахит Шалекенов бастаған зерттеушілер қазба жұмыстарының нәтижесінде ескі қаланың жұртынан көптеген жәдігерлік бұйымдар тапқан. Шалекеновтың монографиялық еңбегінде, 1939 жылдары ленинградтық ғалым Александр Бернштам Кыргызстанның Токмак қаласының маңындағы ортағасырлық Ақбешім қаласын «Баласағұн қаласы» деп жариялаған екен. Алайда ол қала Баласағұн қаласы емес екені анықталып келеді.

Өтейбойдақ Құзорда-Баласағұн қаласын кітаптың бірінші бетінде «Құзорда» деп жазғанымен, одан ары қарай көбіне «Ақорда» деп атайды. Ақорда атауы қазақ тілінде бұрыннан қолданыста бар. Ертеде хандықтың орталығын және ханның сарайын «Ақорда» деп атаған. Ал қазір де Ақорда атауы қолданыстан түскен жоқ. Астанадағы Президент резиденциясын Ақорда дейміз. Кейде жалпылама Астананы Ақорда, Елорда дей саламыз. Өзбектер астанасын Байтақ дегенімен, ел президентінің резиденциясын Ақсарай дейді. Кей зерттеушілер Өтейбойдақ жазған Ақорданы Ақ Орда мемлекетімен шатастырады. Бірақ Өтейбойдақ «Шипагерлік баянды» жазған XV ғасырдың екінші жартысында Ақ Орда мемлекеті әлдеқашан өмір сүруін тоқтатқан кез еді.

«Шипагерлік баянда» Өтейбойдақ Жиренше шешен екеуі Қазақ хандығының орталығы Ақордаға (*Құзорда-Баласағұн*) барып, Жәнібек ханмен кезіккені, Жәнібек хан Жиренше шешенді Қарабас деп атағаны және Жәнібек ханның Жиренше деген баласы болғаны туралы айтылады. Ол туралы кітапта Жәнібек хан Жиренше шешенге «Жиренше деген атынды алдың, шешен деген затыңды алдың. Ханзадамының (*баласы*) да аты Жиренше еді» дейді. Анығында, Жәнібек ханның ордасындағы Қанай деген шешен

Жиреншені ханға Қарабас деп таныстырған екен. Тарихи деректерге және ауызша жеткен шежірелерге жүгінесек, Жәнібек ханның — Қасым, Жиренше, Таныш, Жаныш, Әдік, Жәдік қатарлы ұлдары болғанын біле аламыз. Ал Жиренше шешен қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының фольклорларында кезігетін XV—XVI ғасырларда жасаған ойшыл тұлға. Біздіңше, Өтейбойдақтың Ақордаға (*Құзорда-Баласағұн*) алғаш рет барған

былай дейді: «Қуанышым ерте болған екен. Сол күні қанқұйлы хан Темір ойда-жокта қанды қырғын бастады да, Жәнібек хан қаза болды. Мен жан сауғалай жазған дүниелерімді көтеріп, босқындармен бірге Ақордадан қашып, әрең құтылып, «Есі бар елін табар» деп, туған мекеніме тарттым. Аптыққан Темір көрінде өкіргірі!.. Ел кезу қайта салтым болды. Жазғаным сонғылыққа сарқын болмақ», — дейді.

Өтейбойдақтың қанқұйлы хан Темір дегені ойрат-қалмақтардың Өз Темір тайшысы. Сол тұста Өз Темір тайшы Оңтүстік өңірге бекініп алып, Моғолстанға, Әбілхайыр хандығына, Қазақ хандығына талай рет шабуылдаған. Ол — Тоған ханның немересі. Тоған хан 1420 жылы көшпелі ойрат-қалмақ тайпаларын бірлікке келтірген. Тоған ханның баласы — Есен хан. Есен ханның баласы — Өз Темір. Өз Темір тайшы әкесінен мұрагерлікті 1457 жылы алған болатын. 1457 жылы Сығанақ қаласының түбіндегі соғыста Әбілхайыр хан Өз Темір бастаған ойраттардан жеңіліс тапқаннан кейін, яғни 1457-1458 жылдары Керей мен Жәнібек бастаған ел Әбілхайыр хандығынан Моғолстанға ауып келді. Олар Моғолстанға келген соң, 8-9 жылдай уақыт Моғолстанға сырттай қарап тұрды.

«Шипагерлік баянда» Есім хан және оның Айым бикесі туралы оқиға баяндалады. Оны көптеген зерттеушілер Қазақ хандығының 1565-1628 жылдар аралығында ханы болған Есім ханмен байланыстырады. Осыған қарап кей тарихшыларымыз атүсті оймен «Шипагерлік баянды» XVI—XVII ғасырлардың туындысы деп жүр. Анығында, тарихи кітапта айтылған Есім хан Моғолстанның 1429-1462 жылдары билік еткен Есен бұға ханы еді. Мұнда Есен — өз аты, Бұға дегеніміз — Бура, ол — титулдық есімі. 1465 жылы Жетісуда Қазақ хандығы құрылған бұрын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Моғолстан мемлекетінде өмір сүрді. Сол елдің азаматы болды. Демек, Өтейбойдақтың Есен бұға хан туралы жағымды әңгімені жазуы орынды. Ал Өтейбойдақ кітабында Есен бұға ханды Есім хан деп шатастырып жазған кейінгі көшірушілердің қателігі болса керек. Түркілерде Бураны, Арыстанды титулдық есім ету үрдісі X-XIII ғасырлардағы Қарахан мемлекетінің дәуірінде де болған. Мысалы, Сатұқ бұғыра (*бура*) хан, Арысхан (*арыстан*) хан болған, олар Қарахан мемлекетін билеген.

Қазақ хандығының құрылуы — жер бетінде қазақ ұлтының өмір сүруінің басты тірегі болды. Қазақстан — Қазақ хандығының аумағында қайтадан құрылған заңды жалғасы. Өткенді білмей, өткелден өту оңай емес. Тағылымы терең тарихымызды білмей, болашаққа бағдар жасау қиын.

Ертай ЖОМАРТ, тарихшы

# RÝHANIAT

E-mail: [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

## Сұхбат

Сәрсенғали Жүзбаев – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі. Музыка мектептерінде дәріс берген.

«Тоғыз тарсу» ұлтаспасымен белгілі шебердің «Қазақтың 1000 күйі» антологиясына күйлері енген. 2012 жылдан бері «Шалқар» ұлттық арнасының редактор-жүргізушісі. «Наридірген», «Күй-шөжіре» атты авторлық бағдарламалары арқылы халқымыздың дәстүрлі күй өнерін насихаттап келеді. Сәрсенғалимен бүгінгі әңгіміміз күйшілік өнер төңірегінде өрбіді.

**Жас qazaq:** Күй өнерін насихаттауда әзірге сіздердің алдыларыңызға түскен ешкім жоқ. Бұл орайда ұлттық өнердің дамуына өз үлесін қосқан атақты күйшілеріміздің алдында бас июіміз керек. Атадан балаға жеткен күй өнерінің хас шеберлері, олардың арасында жұрт назарынан тыс қалып келе жатқан күйшілер туралы не айтар еліңіз?

**Сәрсенғали ЖҮЗБАЕВ:** Бүгінде ескілікті күйшілердің ел ішінде селдірей бастаған кезі. Күні кеше ғана Әлімхан Жүзбайдай, Қазен Әбуғазыдай қос қариядан айырылды. Әлекең Қаратау күйшілерінің соңы еді, Қазен ақсақал Алтай, Тарбағатай күй мектебінің өкілі еді. Тұтас бір дәуір кетті. Шертісі біздерге жұқты ма, жұқпады ма, оны айта алмаймын. Анығы, алдында домбыра ұстай алмай-ақ кеттік. «Оқығанымыз жоқ, біздікі ауыл арасы ғой» деп отырып, сұңкылдатқанда біраз күн домбыраға жуымайсыз. Консерваторияда оқыған жылдары елдегі Төкене арнайы сәлем бере келдік. Қасымда домбырашы Нұржан Сертеков (*Орал саз колледжінің директоры*) пен бүгінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері Назымбек Молдахметов бар. Бізді баласынбады Төкен. Күйді төкті. Сонда Назымбек «Домбыра сөйлейді деген сөз рас екен-ау» деген еді. «Ел іші — өнер кеніші ғой» сирек те болса әр өңірде қарайып отырған күйшілеріміз бар, Құдайға шүкір. Анау Жайықта Өтеген ақсақал отыр. Токсанға келсе де, қолынан домбырасы түскен жоқ әлі. Күйдің қазынасы. Күйлі аса бір баппен тартатын Едіге Нәбиев, саусағының желі бар Ермек Қазиев қайта тумайтын күйшілер. Қазанғапты туған топырақта кешегі тірі Қазанғап атанған Сәдуақас Балмағамбетовтің туған інісі Нұрболат Жанаманов пен Қазанғаптың шәкіртінің шәкірті, яғни Қадірәлі Ержановтың қолынан күй алған Жұмабай ақсақал бар. Тәттімбет пен Токаны туған арқада Мұхаметжан

# КҮЙШІНІ ЕЛ ТАНУЫ КЕРЕК

Тілеуханов бастаған, кешегі өзіміз көзін көріп, күйін үйренген Дәулетбек әкеміздің баласы Хайролла Сәдуақасов, Ақкыз күйшінің туған жиені Болат Тәкішев, Қалкен ағамыз сияқты бір шоғыр күйші бар. Жетісудағы Сауқымбек ақсақал бір өзі бір төбе. Қаратаудың күнгейіндегі күйлерді шертетін Жаулыбай Иманәлиев көненің көзі бүгінде. Ал дара бітімді, асқан дарынды күйші Шәміл Әбілтайдың қарайып ортамызда жүруі — күйдің бағы. Ал кемшін тұсымыз дегенде көп жәйді айтуға болады. Ауылдағы күйшіге шәкірт керек. Күй қалуды керек кейінге. Тұтас қазақ телевизиясында күйшілік өнер насихатталып жатса, қане?!

**Жас qazaq:** Күйшілеріміздің ізін жалғастырушылар бар екен. Алайда кейбір сазгерлер секілді күйдің әр жерінен жұлып, ұрлаушылар бар ма?

**Сәрсенғали ЖҮЗБАЕВ:** Біз мына күнде қара домбыраға қол соққан қазақтың қара баласына тек рахмет қана айтсақ керек-ті. «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, өз ханынан күй шығарып жүрген домбырашылар да бар. Талабына нұр жаусын дейік. Күйдің киесінен қорыққан, өнердің парасатын парықтаған күйші қауым әлгі сіз айтқан «ұрлыққа» бара қойған жоқ әзір.

**Жас qazaq:** Соңғы уақытта арнау күйлер де шыға басталды. Біреудің шешесіне, біреудің әкесіне, тіпті жана туған нәрестелерге де күй арнайтындар бар. Бұл үрдіске қалай қарайсыз?

**Сәрсенғали ЖҮЗБАЕВ:** Өнер шіркіннің тұнығын ылайлап, былғап жүретіндер болған, бола да береді менімше. Бас пайда үшін шенеуніктің, байдың үрім-бұтағына ән арнап, күй арнайтындар — солар. Ал арнау күй, қазақ күй өнерінде өзінше арна тартар тақырып. Батырға да, ханға да, сұлуға да, малға да күй арнаған. Бұл басқа әңгіме.

**Жас qazaq:** Қазақ тарихындағы даңқты күйшілердің күйі қалай насихатталып келеді. Олардың кейбірінің қолы тиген қасиетті аспаптарды жинап, арнайы музей ашуға неге құлықсызбыз?

**Сәрсенғали ЖҮЗБАЕВ:** Алматыда Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайы бар. Талай дәулескеріміздің саусағы тиген домбыралар тұр сонда. Мұражайдың басшысы, белгілі жыршы Ұлжан Байбосынова өзі басшылық еткен аз уақытта сіз айтқан олқылықтың орнын толтырды. Талай әнші-күйшінің домбырасын ел ішінен, ағайын-тумасынан алдыртты. Өнерпаздан қалған дүниенің сақталуына әуелі өзінің ұрпағы құлықты болуы керек. Қара шаңырақта тұрса — қазақтікі. Ал күй мұрамыз қалай насихатталып келеді десеңіз, насихат кемшін. Күйшіні ел тануы керек. Әрине, күйді жинақтау, күйді ұрпаққа үйрету, хатқа түсіру басқа әңгіме. Бабадан аманат күй жетті ғой, Құдайға шүкір. Үйрен де, тарта бер. Мәселен, күйшінің мәртебесінде, қоғамдағы беделінде.

**Жас qazaq:** Сіздің ойыңызша, жастарды желіктіретін музыка көбейген тұста күй өнерінің дәурені қай уақытқа дейін созылады. Эстрада мен рок жұтып қоймай ма?

**Сәрсенғали ЖҮЗБАЕВ:** Қазақ болғасын қазақтың төлтума өнеріне алаңдауымыздың жөні бар. Заман болса мынау! Қазақ барда өнер өлмес, әрине. Женіл әуен келер, кетер. Бірақ қайсыбір буын, қайсыбір ұрпақ мәңгірттеу болып өтеді мына өмірден. Сол өкініш! Әр қазақ — менің жалғызым. «Тамырың тереңге жібермеген дарактың ғұмыры келте». Осы тәмсіл адамға да, өнерге де қарата айтылған.

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Сыр бойындағы қалаларға шабуыл жасау нәтижесінде Сығанақты өзіне қосып, орталық етті.

Керей мен Жәнібек хан бастаған елге Есенбұға хан Моғолстанның батыс шекарасындағы Шу мен Қозыбасы аралығын бергенін, осы өңірде алғаш рет 1465 жылы Қазақ хандығы құрылғанын Мұхаммед Хайдар Дулатидың деректерінен біле аламыз. Қазақ хандығы алғаш құрған тұста Моғолстанның





## ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ



Әдік, сәлем. Қалайсың? Өлеңдеріңді оқып жүрмін. «Ғажап әдебиет» газетінің соңғы санына шыққан топтаманды оқығаннан кейін, өзіңе хат жазайын деп шештім. Ана бір өлеңіңде «Сен де мені ойлайсың ба?» деп жазыпсың. Қалай мен сені ойлаймын? И так проблема көп. Садиктің ақшасы, квартилата, кредит дегендер сен түгілі туған әкем мен шешемді ойлатпайды. Сен құсап сәтсіз махаббатқа ішім ашып жүрсе, арман жоқ екен-ау, ломбардта күйіп кеткен алтындыарымды ойласам, жылағым келеді. И ваше проблема жоқ болса да мен сені не үшін ойлауым керек? Жарайды, ойладым дейін, содан саған удовно бола ма? Не сөз ол?! Содан кейін

сөзді айтпандаршы. Осы акын, жазушы дегендер өтірік айтқандарыңды қойсандаршы. Жас балдар шын екен деп қалады ғой. Содан кейін «бір ғана махаббат» дегенді де айтушы болмандар. Сендердің кесірлеріңнен бірінші махаббатына қолы жетпегендердің барлығы да өздерін бақытсыз санап, сорлап жүреді. Көптеген жастардың үйленбей жүруіне сендер — акын, жазушылар кінәлісіңдер. Егер бір ғана



бермейтін шығармыз. Өмір бойы студент болып жүре беретін болсақ, мен де жүре берер едім. Ең құрымаса, магистратураға да түсе алмадық. Тағы да екі жыл жүре тұрар едік. Жатақханадан айдап шыққаннан кейін қайда баруым керек? Ауыл деген ан-о-у Атырауда. Бір барсан, қайта келу деген әңгіме жоқ. Ал менің Алматыда қалғым келді. Сенің ала қоятын түрін көрінбеді. Сол кездерде Алмас жолықты. Алматыда үйі бар екен, астына машинасы бар екен... Солай... Сен де енді

# «Қашан сүйемін деп едім?!»

немесе бір ақын жігітке бұрынғы жүрген қызының (типичная музасының) жазған хаты

әртүрлі гүлдерге тенеңеңіңді қойшы. Оқып отырып қараптан-қарап қысылам. Жалпы мені аңға, құсқа тенеңеңіңді қойшы, Құдай үшін. Құралайым, көгерішім деген теңеулерің маған түк те келмейді. Мен баяғы «обшлаганың» артындағы қызыл қайыңның түбінде сызылып тұратын талдырмаш қыз емеспін. Мен екі бала туған әйелмін. И саған айтайын, екінші баладан кейін қарным тартылмай қалды. Айтпайын десем де айтқызасың, жалпы дене-бітімім бұрынғыдай емес. Көрсен, лирикаңды жиып қойып, сатира жазып кетер едің. Жарайды, оны да қойшы, бұрынғы кезімді елестетіп жазып жүрген шығарсың. Ал ана «жат құшақта жатырсың ба» дегенің не сөз? Айналайын-ау, ол менің некелі жарым. Қалай ол жат құшақ болады? Сонда менің құшағым — сенің құшағың ба, не? Сенің құшағыңда жатсам, өз құшағымда жатқан боламын ба? Қой, айналайын. Және «өзге ошақтың отын жақтың» дегеніңді де түсінбедім. Бұл — менің өз ошағым, өзімнің отаным. Бұрын сенің ошағыңның отын жақсам бір жөн екен-ау. Газына шәй да қойып көрген жоқпын ғой. Тағы да қайталап айтамын, «мәңгілік махаббатым өзің ғана» дегеніңді де қой. Жалпы мәңгілік махаббат деген

махаббат болатын болса, сен қайдан шықтың, мен қайдан тудым? Әлде мына жұрттың барлығы кластастарына үйленді деймісің? Жок, айналайын, барлығы да екінші, үшінші махаббаттарына үйленіп, ұрпақ өрбітіп отыр. Тіпті төртінші махаббатына үйленіп, күліп-ойнап жүргендер көп. Бесінші махаббатынан бес бала сүйіп, алтыншы махаббатымен алтын тойға жеткендер бар. Сендер осыны неге насихаттамайсыңдар? Баяғыда мамам «кітап оқы, кітап оқы» деп қақсаушы еді. Оқымағаным қандай жақсы болған. Оқысам Айгүл Оспанова құсап жүрер едім қиялданып. Қашан бойында бір міні жоқ жігіт келіп, өле сүйіп, ертегідей ғұмыр кешер екенбіз деп. Бұның бәрі әшейін ойласу ғой. Енді тікелей өзіме қатыстыларын айтайын. «Сен де мені сүйген едің» дегенді қайдан шығардың? Мен саған қашан сүйемін деп едім? Рас, ұнаттым, жақсы көрдім. Әсіресе көзінді сығырайтып күнге қарап тұрушы едің ғой. Сол сәтін ұнайтын. Бірақ енді соған бола үйлене салмаймын ғой. Екеуміз қосылып алып, сен күнге қарап сығырайып, мен айға қарап аларып отырсақ, тіршілікті кім істейді? Иә, саған сол кездер үшін ешқандай өкпем жоқ. Шық делін шықтым, кір делін кірдім. Театрға бардық, киноға бардық. Бәрі-бәрі ұнайтын. Бірақ өмір бойы Ессентайдың жағасында жүре

ақын болып жүре бермей бір уақ адам бол. Қазақ поэзиясының саған өкпесі жоқ шығар, өленді қоя тұр да өміріңді ойла. Жан-жағына қарашы, қаншама қыздар жүр. Шеттерінен әдемі, сүйкімді, ақылды, білімді. Солардың ішінен маған ұқсайтын біреуін тауып ал да, үйлен. Бөпелерің болады. Содан кейін бала туралы, отбасы туралы, сүйген жар туралы, Отан туралы жаз. Тақырып аян да кенітін еді. Мен түгілі өленді де ойлауға шамаң келмейтін кездер болар еді, үйленсен. Ал сенің жүрісің мынау. «О, менің жүрегім, жүрегім...» дейсің де жүресің. Сенің жүрегің ауырмағанда, менің жүрегім ауыра ма? Жүрегің ештеңе емес, арақты қоймасаң, бауырың ауырады, сыраны қоймасаң, бүйрегің ауырады, темекіні қоймасаң, өкпен шіриді. Содан кейін... Жаман айтпай жақсы жоқ. Қой, айналайын. Бәрін де қой. Саған баяғыда айттым, домбыра үйреніп алсаншы деп. Бүйтіп өлен жазып жүре бергенше, жұрттар құсап айтысқа қатыс дедім. Айтысқа қатысқан ғой жағдайыңды түзеп алар едің. Сөздің соңында айтарым, қолыңнан келеді ғой, бірді-екілі хит болатын әндерге сөз жазшы. Абысындармен отыра қалып әңгіме айтқанда, мақтана қояйын деп, маған баяғыда ақын жігіт ғашық болған десем, «қойшы, қай әндердің сөзін жазған?» деп сұрайды. Ал, сау бол, саған жыным келіп отырғанын да, жаным ашып отырғанын да білмеймін. Айтпақшы, «сағынып сен де мені жүр ме екенсің?» дегеніне айтарым. Сағынбаймын. Бірақ кейде сенің тістеп сүйетінің есіме түсіп кете береді. Ернім ісіп кетуші еді ғой, жындыбас.


P.S. Хатты оқыған ақын жігіт жауап жазбаққа ниетті көрінеді...

Бейбіт САРЫБАЙ



Мұзды мазақтау ма, әлде?..

## ЕЛ АУЗЫНАН



## Не тәтті?

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан қарсы кездескен

бір баладан:

— Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? — деп сұрайды.

Сонда бала:

— Бал тәтті, — деген екен.

— Ал жұмсақта не жұмсақ?

— Мамық жұмсақ.

— Каттыда не катты?

— Тас катты.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», — деп өтінеді.

— Ал айта ғой, балам, не тәтті? — дейді Жиренше шешен.

— Ананың сүті, — деп жауап беріпті бала.

— Не жұмсақ?

— Ананың қолы!

— Ал енді не катты? — деп сұрағанда.

— Атаның жүрегі, — деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

«Ел аузынан» кітабынан



## JAS QAZAQ GALEREJASY



Мұрат САПАРОВ – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Ол театр сахнасын безендірумен айналысады. Суретті пьесаны тек оқып болған соң ғана салады. Кескіндеме өнерінде түрлі әдіс-тәсілді қолданады. Бұған қоса, спектакль кейіпкерлеріне арнап киім үлгісін жасайды.

Jas qazaq galerejasy суретшінің Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік



## Жарты засырлық жаңалық



Суретке түсірген Ғалия ҚАЛИЕВА



академиялық драма театры тарихында тұңғыш рет өткен «Уақыт және кеңістік философиясы» көрмесінде қойылған туындылардың бір парасын ұсынады.



### Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

### Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

### Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

### Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

### Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат  
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК  
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс — №2139;  
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.